



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ

Апта күні: бейсенбі

Күні: 29.05.2025ж.

Уақыт: 15⁰⁰ сағат

ХБК Ғылыми Кеңесінің кезекті отырысының № 10 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

Ғылыми Кеңесінің төрағасы – М.Б.Имандосова, т.ғ.д., профессор, ректор
Ғалым хатшы – Ш.М.Құлтаева, Ph.D., қауымдастырылған профессор, ҒЖИ
аға үйлестірушісі

Қатысқандар: Ғылыми Кеңестің 43-нің 34-і қатысты (тіркеу қағазы қосылған).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025 жылғы қабылдау науқанын ұйымдастыру туралы (Баяндамашы – Абдиллаева Фарида Максұтовна, тіркеуші–қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы).

2. ХБК ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру қорытындылары және 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарлар туралы (Баяндамашы – Лайсханов Шахислам Узақбайұлы, ҒЗИ директоры).

3. 2024-2025 оқу жылының екінші семестрінде факультеттердің жұмысы туралы есеп (Баяндамашылар – Хасенов Манас Игенович, СФ деканы; Зименко Александр Александрович, ДФ деканы; Сейтқазинов Оразалы Дауткалиевич, ЖҚФ деканы; Макашев Ернар Бахытжанович, ҚТИМФ деканы).

4. Әртүрлі.

4.1. Докторант Алдахов Еркін Серіковичтің шетелдік ғылыми кеңесшісін ауыстыру туралы (Баяндамашы – Махметова Ардақ Саятовна, ДПО директоры).

4.2. 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарын (ОЖЖ) бекіту туралы (Баяндамашы – Сабденалиев Бахтияр Асылбаевич, проректор).

4.3. Ұйымдастырушылық құрылымдық өзгеріс туралы (Баяндамашы – Сабденалиев Бахтияр Асылбаевич, проректор).

4.4. Баспаға ұсыныстар туралы (Баяндамашы – Құлтаева Шынар Мәлікқызы, Ғалым хатшы).

Мәжілістің алдында Ғылыми Кеңестің төрағасы М.Б.Имандосова ашық дауыспен күн тәртібін мақұлдады.

1. 2025 жылғы қабылдау науқанын ұйымдастыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: ректор М.Б.Имандосова мәселені қарауды кейінге қалдыру туралы мәлімдеме жасады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың ақпараты назарға алынсын.
2. Мәселе Ғылыми кеңестің келесі отырысына кейінге қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

2. ХБК ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру қорытындылары және 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарлар туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: ректор М.Б.Имандосова мәселені қарауды кейінге қалдыру туралы мәлімдеме жасады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың ақпараты назарға алынсын.
2. Мәселе Ғылыми кеңестің келесі отырысына кейінге қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

3. Факультеттердің 2024–2025 оқу жылының екінші семестріндегі жұмыс жөніндегі есебі.

ТЫҢДАЛДЫ: М.И.Хасенов, СФ деканы; А.А.Зименко, ДФ деканы; О.Д.Сейтқазин, ЖҚФ деканы; Е.Б.Макашев, ҚТИМФ деканы 2024–2025 оқу жылының екінші семестріндегі факультеттердің жұмыс нәтижелері туралы, соның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыру, ғылыми қызмет, халықаралық байланыстар, кадр саясаты және студенттермен оқу-тәрбие жұмысынан тыс іс-шаралар жөнінде есептерін ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: сұрақтар, ескерулер және ұсыныстармен ректор М.Б.Имандосова, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Ж.Н.Молдамурадов.

ҚАУЛЫ:

1. М.И.Хасенов (СФ деканы), А.А.Зименко (ДФ деканы),

О.Д.Сейтқазинов (ЖҚФ деканы), Е.Б.Макашев (ҚТИМФ деканы) баяндамалары назарға алынсын және орындауға қабылдансын.

2. Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері қамтамасыз етсін: аккредитация жоспарын орындауды; ғылым мен жарияланымдық белсенділікті дамытуды; білім беру бағдарламаларын жаңартуды, ПОҚ-тың ғылыми дәрежесін арттыруды және шетелдік оқытушыларды тартуды; халықаралық байланыстарды, академиялық мобильділікті кеңейтуді, BRAUIC форумына дайындықты; зертханалық базаны нығайтуды, бейнестудия мен онлайн-платформаларды қолдануды, аумақты көгалдандыруды. Қызметкерлердің жеке жауапкершілігін айқындап, ПОҚ-ты факультеттердің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жұмылдыру.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасауды ХБК провосты Б.А.Сабденалиевқа жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4. Әр түрлі.

4.1. Докторант Алдахов Еркін Серіковичтің шетелдік ғылыми кеңесшісін ауыстыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: ЖОКБД директоры А.С.Махметова докторант Е.С.Алдаховтың бұрын бекітілген шетелдік ғылыми кеңесшісін ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Оның себебі Виктория университетінің (Канада) ректоры ресми келісімшартқа қол қоюдан бас тартқандықтан аталған шетелдік ғылыми кеңесшімен әрі қарай ынтымақтастық мүмкін емес. Осыған орай, Е.С.Алдаховтың жаңа шетелдік ғылыми кеңесшісі ретінде Bartosz Piątek-ті бекіту туралы ұсыныс жасады.

ҚАУЛЫ:

1. ЖОКБД директоры А.С.Махметованың ақпараты назарға алынсын.

2. Докторант Е.С.Алдаховтың жаңа шетелдік ғылыми кеңесшісі болып Bartosz Piątek бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4.2. 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарын (ОЖЖ) бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: провост Б.А.Сабденалиев 2025–2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларының (ОЖЖ) жобасын, сондай-ақ факультеттер мен кафедралардың жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық- құрылымдық өзгерістер жөніндегі ұсынысты

таныстырды.

ҚАУЛЫ:

1. Провост Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.

2. 2025–2026 оқу жылына арналған ОЖЖ бекітілсін.

3. Факультет декандарына: (1) 2025–2026 оқу жылына арналған РҮП-терді iPortal жүйесіне енгізу. Орындау мерзімі – 2025 жылғы 10 маусымға дейін; (2) Жаңа білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізу және өзекті емес ОП-ны алып тастауға ұсыну. Орындау мерзімі – 2025 жылғы 10 маусымға дейін; (3) Білім беру бағдарламаларының паспорттарына 3 тілде «Мүмкіндігі шектеулі жандарға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған ОП-ны іске асыру шарттары» атты тармақты енгізу, онда білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескеру сипатталуы тиіс. Орындау мерзімі – 2025 жылғы 27 маусымға дейін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4.3. Ұйымдастырушылық құрылымдық өзгеріс туралы

ТЫҢДАЛДЫ: провост, Б.А.Сабденалиев ХБК-ның ұйымдастырушылық құрылымын халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру мақсатында факультеттерді мектептерге атаудың қажеттілігі туралы ақпарат берді, атап айтқанда: «Архитектура факультеті» – «Архитектура мектебі», «Дизайн факультеті» – «Дизайн мектебі», «Жалпы құрылыс факультеті» – «Құрылыс мектебі», «Құрылыс технологиялары, инфрақұрылым және менеджмент факультеті» – «Инжиниринг мектебі».

ҚАУЛЫ:

1. Провост Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.

2. Жаңа мектеп атауларын бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4.4. Әр түрлі. Басылымға ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ: ұсынылған қолжазбалармен және авторлардың қажетті құжаттарымен: басылымға ұсыныммен факультет хаттамаларынан үзінді көшірмеле оң рецензиялар және плагиатқа қарсы анықтамалармен таныстырған хатшы Ш.М. Құлтаева. ҰК1 және ҰК2 мәндері рұқсат етілген деңгейден аспайды. ЦК мәні қолайлы. Ұсынылады.

ҚАУЛЫ:

1. Хатшы Ш.М. Құлтаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Басылымға келесі авторлардың қолжазбалары ұсынылсын:

- 1) Адилова Д.А. Организация инвестиционной и инновационной деятельности компаний. Оқу құралы;
- 2) Адилова Д.А. Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты. Оқу құралы;
- 3) Исмаилова А.Б. Құрылыс материалдар химиясы. Оқу құралы;
- 4) Аввад Т., Ниетбай С.Е. Основы геотехники. Оқу құралы;
- 5) Абаканов Т.Д., Ельжанов Е.А. Геотехника негіздері. Оқулық;
- 6) Аввад Талал, Жамек Н.А. Основы геотехнического, конечно-элементного моделирования с использованием Plaxis 2D. Оқу құралы;
- 7) Брянцев А.А., Остапенко И.И., Байтурсинов Д.М. Manufacturing of metal structures. Оқу құралы;
- 8) Ибраимбаева Г.Б. Құрылыс керамикасы: құрамы мен қасиеттері. Оқу құралы;
- 9) Картбаева К.Т., Омиржанова Ж.Т. Геодезия пәнінен практикалық жұмыстар. Оқу құралы;
- 10) Құрманбекова Э.Б. Жұмсақ жиһаз технологиясы. Оқу құралы;
- 11) Сыдыкова Д.К., Кабдолданова Т.И., Абдулланова Ж.С. «Математика» пәнін өзіндік оқуға арналған оқу құралы. Оқу құралы;
- 12) Сыдыкова Д.К., Кабдолданова Т.И., Абдулланова Ж.С. Учебное пособие для самостоятельного изучения дисциплины «Математика». Оқу құралы;
- 13) Даниярова Д.Р. Жылжымалы байланыс жүйелерінің теориялық негіздері. Оқу құралы;
- 14) Аймагамбетова З.Т., Сутбеков Е.Р. Сәулет және құрылыс физика негіздері. Оқу құралы;
- 15) Сутбеков Е.Р., Ташкеева Г.К. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар және оларды орындау мысалдары. Оқу-әдістемелік құрал;
- 16) Самбетбаева А.Қ. Ағаштан үй салудың заманауи технологиялары. Оқу құралы;
- 17) Шоганбекова Д.А. Геоинформационные системы. Оқу құралы;
- 18) Карымсаков У.Т., Масимбаев Е.Е., Исова А.М., Каражанова Д.Д. Инженерлік графикадан есептер жинағы. Оқу құралы;
- 19) Карымсаков У.Т. Сызықтық перспектива және көлеңкелер. Оқу құралы;
- 20) Садвокасова Г.К. Аумақтық өндіріс кешендерінің негіздерін экологиялық және қала құрылыстық тұрғысынан талдау. Оқу құралы;
- 21) Садвокасова Г.К., Гвоздикова Т.А. Инклюзивті білім беру кеңістігі: теория және практика. Оқу құралы;

- 22) Садвокасова Г.К. Қалаларды жоспарлау және құрылыс салу теориясының проблемалары. Оқу құралы;
- 23) Жангужинев А.Е., Абиева Г.С. «Центробежные насосы». Зертханалық жұмыстарға арналған оқу құралы;
- 24) Ауельбеков С.Ш., Абиева Г.С. Құрылыс жылуфизикасы» пәнінен есептер жинағы. Оқу құралы;
- 25) Абиева Г.С., Касабкова Г.Т., Алдабергенова Г.Б. Инженерлік жүйелері мен желілер. Оқулық;
- 26) Молжигитова Д.К. Алматы облысының аумақтық ерекшеліктерін есепке ала отырып, жер ресурстарын пайдалану тиімділігін жоғарылату. Монография;
- 27) Бектурганова А.Е. Қазақстанның аграрлық саласындағы жер қатынастарының қалыптасуы. Монография;
- 28) Шоганбекова Д.А. Локальный геоид: исследования, разработки и практическое использование по дисциплине «Гравиметрия». Монография;
- 29) Приемец О.Н., Самойлова К.И. «Развитие орнамента в архитектуре Алматы» орыс/ағылшын тіліндегі монографияның қайта басылып шыққан басылымы (2-басылым, толықтырылған). Монография;
- 30) Нұрбай С.Қ. Совершенствование конструкции одежды для горного туризма. Монография;
- 31) Кабилова Р.Х. Метафизика предела: смерть и бессмертие в констеляции человеческого опыта. Монография;
- 32) Нуркушева Л.Т. Комплексное проектирование объектов предметного дизайна. Монография;
- 33) Абиева Г.С. Өндірістен және шаруашылықтан шыққан лас суларды тазарту үшін биологиялық тоғанның сіңуге қарсы жабынын жасау. Монография;
- 34) Құлтаева Ш.М. Electrical, thermal, and mechanical properties of porous ceramics based on silicon carbide. Монография;
- 35) Нурмаганбетова А.Т. Синтез механизмов высоких классов на основе грузоподъемного механизма. Монография.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.



М.Б. Имандосова

Ш.М. Құлтаева